

Бірінші сыныпқа қабылдау қағидалары.

Жамбыл облысында 1 сыныпқа қабылдау қызметі электронды түрде «eduschool.kz» порталы арқылы жүзеге асады.

Жалпы орта білім беретін мектеп, гимназия, мектеп-гимназия, мен лицейлерге қабылдау ағымдағы жылдың 1 маусымы мен 30 тамызы аралығында өтеді.

Бала 6 жасқа толған немесе ағымдағы жылы 6 жасқа толатын болса мектепке қабылданады. Баланы 1 сыныпқа 6 не 7 жастан беру ата-ананың өз еркінде.

Электронды түрде қызмет алу барысында міндетті түрде өтініш беруші баланың мына құжаттарын жүктеуі тиіс.

- 3x4 фото суретін 2 дана
- ТУУ туралы куәлігін
- Денсаулық туралы анықтамасын 026уе (бала денсаулық паспортының 30 беті немесе барлық беті)

Егер осы құжаттар топтамасы порталға тіркелмесе, қате немесе жалған құжаттар тіркелетін болса, өтінішіңізді мектеп әкімшілігі қараудан бас тартады (қабылданбайды).

Өтініш берушілердің құқығы:

Сіз қалаған, барғыңыз келетін, жақын маңдағы (тұрғылықты жеріңіздегі) мектебіңізге бос орын бюлетенінде орын бос болса, электронды түрде өтінішіңізді бере аласыз. Егер білім беру мекемесінде бос орын болмаса, өтінішіңіз жіберілмейді.

Гимназия, лицей мектептеріне баланы қабылдау-сұхбаттасу жүргізу арқылы балалар іріктеледі. Егер сіз гимназия, лицей мектептеріне сұхбаттасуға шақырылып, өз тарапыңыздан бара алмай қалсаңыз, өтінішіңізді жойып, бос орыны бар гимназия, лицей мектептеріне өтініш бере аласыз.

Лицей, гимназия мектептеріне сұхбаттасуға қатысып, балаңыз іріктеуден өте алмай қалған жағдайда қайталап лицей, гимназия мектептеріне өтініш берілмейді.

Сіздің берген өтінішіңізге күнтізбелік жұмыс күнімен 5 күн ішінде білім беру мекемесі тарапынан қаралып, қабылдау немесе қабылданбауы туралы хабарлама ұялы байланыс құралыңызға жолданады.